Бірінші кезектегі мұрагерлер болмаса, заң бойынша мұрагер болу құқығын екінші кезекте мұра қалдырушының бір әке, бір шешеден туған және әкесі немесе шешесі бөлек аға-інілері мен апа-қарындастары (сіңлілері), сондай-ақ оның әкесі жағынан да, анасы жағынан да атасы мен әжесі тең үлеспен алады.

Егер бірінші және екінші кезектегі мұрагерлер болмаса, заң бойынша мұрагер болу құқығын үшінші кезекте мұра қалдырушының әкесімен бірге туған ағалары мен апалары тең үлеспен алады.

Егер бірінші, екінші және үшінші кезектегі мұрагерлер болмаса, заң бойынша мұрагер болу құқығын мұра қалдырушының алдыңғы кезектегі мұрагерлеріне жатпайтын үшінші, төртінші және бесінші туыстық дәрежесіндегі туыстары алады.

Бұдан басқа, Заңның 39-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының, өздері үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалардың,

бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан алушылардың өздерінің зейнетақы жинақтарын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мұраға қалдыруға құқығы бар.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 қазандағы № 1042 қаулысымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен құралған зейнетақы жинақтарынан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидасының 13-тармағына сәйкес БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар қайтыс болған адамның зейнетақы жинақтарын мұрагерлері алу үшін өзге құжаттармен бірге **мұрагерлік құқығы туралы куәліктің** түпнұсқасын немесе нотариат [куәландырған](#) көшірмесін не **мұраға берілетін мүлікті бөлу туралы келісімнің** түпнұсқасын немесе нотариат куәландырған көшірмесі не заңды күшіне енген сот шешімін береді.

БЖЗҚ-ға құжаттарды беру тәсіліне қарай барлық қажетті құжаттардың тізбесін (жеке өзі өтініш білдірген кезде, пошталық байланыс құралдары не болмаса үшінші тұлға арқылы), өтініш бланкілерін, сонымен қатар сенімхат үлгілерін және төлем валютасының түріне байланысты өтініш бланкілерін толтыру үлгілерін Сіз БЖЗҚ-ның www.enpf.kz мекенжайы бойынша корпоративтік веб-сайтынан ала аласыз, ол жерде ақпарат үнемі жаңартылады.

7. Сұрақ. Сәлеметсіздер ме! Мен 58 жасқа толдым және БЖЗҚ-дағы өз зейнетақы жинақтарымды алғым келеді. Оны алудың жолдарын, қайда өтініш беру керектігін және қандай құжаттар қажет екендігін айтыңыздаршы?

Жауап: «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31- бабының 1-тармағының 1) тармақшасы мен 32-бабының 1-тармағының 2) тармақшасына сай БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары болса белгіленген кесте бойынша міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдеріне 58 жасқа толған әйелдерде (2018 жылғы 1 қаңтардан бастап - 58,5 жасқа толғанда, 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап - 59 жасқа толғанда, 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап - 59,5 жасқа толғанда, 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап - 60 жасқа толғанда, 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап - 60,5 жасқа толғанда, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап - 61 жасқа толғанда, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап - 61,5 жасқа толғанда, 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап - 62 жасқа толғанда, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап - 62,5 жасқа толғанда, 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап 63 жасқа толғанда) құқылы.

Жалпы белгіленген зейнет жасына толған кезде зейнетақы төлемдерін алушы міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен кесте бойынша зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш ресімдеу үшін ең жақын БЖЗҚ кеңсесіне бару керек. Жеке басын куәландыратын құжат түпнұсқасы мен

БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін аудару үшін алушының банк шоты туралы мәліметтерді өзімен бірге алып келеді.

Құжаттар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес болған жағдайда, олар өткізілген соң он жұмыс күні ішінде БЖЗҚ зейнетақы төлемдерін жасайды. Төлемдердің кезеңділігі – жыл сайын, тоқсан сайын, ай сайын – алушы өзі дербес белгілейді.

Бұл ретте 2016 жылғы 27 желтоқсандағы редакциясы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 қазандағы № 1042 қаулысымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен құралған зейнетақы жинақтарынан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидаға (бұдан әрі - Қағида) сәйкес міндетті зейнетақы жарналары және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен кесте бойынша зейнетақы төлемдерінің жылдық сомасы есептеледі және төмендегі шамалардың неғұрлым жоғарысынан аспайды:

1) республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі зейнетақының отыз еселенген мөлшері (2017 жылы Қазақстан Республикасының «2017-2019 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заңымен ең төменгі зейнетақы мөлшері 28 148 теңгеге дейін көбейтілді) және 844 440 теңгені құрайды (30*28 148);

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 02.10.2013ж. №1042 қаулысымен бекітілген Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу әдістемесіне сай зейнетақы жинақтары сомасының алушының тиісті жасындағы зейнетақы жинақтарының ағымдағы құнының коэффициентіне көбейтіндісі ретінде есептелген шама. Зейнетақы жинақтарының сомасы 58 жасқа толған әйелдерде - 8 963 379 теңгеден асып түссе және 63 жасқа толған ерлерде - 8 067 641 теңгеден асып түссе осы есеп қолданылады.

Егер алушының зейнетақы жинақтарының сомасы республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен зейнетақының отыз еселенген мөлшерінен аз болса, алушы зейнетақы жинақтарының барлық сомасын, яғни сомасы 844 440 теңге болса немесе одан кем болған жағдайда ала алады.

Төлем жасалғаннан кейін жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтарының қалдығы ең төмен зейнетақы мөлшерінен аз соманы құраған жағдайда, бұл қалдық төлем сомасымен бірге төленеді.

БЖЗҚ жыл сайын № 1042 қағиданың ережесін ескере отырып белгіленген кесте бойынша зейнетақы төлемінің жылдық мөлшерін дербес қайта есептейді.

БЖЗҚ зейнетақы төлемдерін деректемелері өтініште көрсетілген алушының банктік шотына:

Қазақстан Республикасының аумағындағы екінші деңгейдегі банктерде/банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда ашылған банк шоттарына аудару кезінде тек ұлттық валютамен;

Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары шетелдік банктерде ашылған банк шоттарына аудару кезінде АҚШ долларымен, еуромен, фунт стерлингімен немесе ресей рублімен аударды.

Зейнетақы жинақтарын аудару, есептеу және төлеуге байланысты банк қызметтерінің ақысы БЖЗҚ қаражатының есебінен төленеді, бұған оларды айырбастау және шетелдік банктерде ашылған алушылардың банк шоттарына есептеу қызметтері қосылмайды.

БЖЗҚ-ға құжаттарды беру тәсіліне қарай барлық қажетті құжаттардың тізбесін (жеке өзі өтініш білдірген кезде, пошталық байланыс құралдары не болмаса үшінші тұлға арқылы), өтініш бланкілерін және төлем валютасының түріне байланысты өтініш бланкілерін толтыру үлгілерін, сонымен қатар сенімхат үлгілерін және филиалдардың орналасқан орны туралы ақпаратты Сіз БЖЗҚ-ның www.enpf.kz мекенжайы бойынша корпоративтік веб-сайтынан ала аласыз, ол жерде ақпарат үнемі жаңартылады.

8. Сұрақ: Сәлеметсіз бе! Банктегі кредитімді өтеу үшін өз зейнетақы жинақтарымды шоттан шешіп алуыма болады ма?

Жауап: «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі - Заң) Қазақстан Республикасында азаматтарды зейнетақымен қамсыздандырудың құқықтық және әлеуметтік негіздерін айқындайды, азаматтардың зейнетақымен қамсыздандырылуға конституциялық құқығын іске асыруға мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың қатысуын регламенттейді.

Заңның 50-бабына сәйкес зейнетақы активтеріне жеке тұлғалардың құқықтары Заңмен көзделген заттық құқықтар қатарына жатады және тек Заңмен айқындалған мақсаттарға, оның ішінде **Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға** пайдаланылады.

Мұнымен бірге, міндетті зейнетақы жарналары есебінен БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдеріне құқығы бар адамдардың тізбесі Заңның 31-бабының ережелерімен белгіленген және түпкілікті болып табылады.

Осылайша, міндетті зейнетақы жарналары есебінен БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдеріне БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар:

1) Заңның [11-бабының 1-тармағына](#) сәйкес зейнет жасына толған, дәлірек:

ерлер 63 жасқа толғанда, әйелдерге 58 жасқа толғанда (2018 жылғы 1 қаңтардан бастап - 58,5 жасқа толғанда, 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап - 59 жасқа толғанда, 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап - 59,5 жасқа толғанда, 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап - 60 жасқа толғанда, 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап - 60,5 жасқа толғанда, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап - 61 жасқа толғанда, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап - 61,5 жасқа толғанда, 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап - 62 жасқа толғанда, 2026 жылғы 1

қаңтардан бастап - 62,5 жасқа толғанда, 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап 63 жасқа толғанда);

2) Заңның [59-бабының 1-тармағына](#) сәйкес ең төмен зейнетақы мөлшерінен кем емес төлемді қамтамасыз ету үшін зейнетақы жинақтары жеткілікті болған кезде: ерлер 55 жасқа толғанда және әйелдер 50 жасқа толғанда (2018 жылғы 1 қаңтардан бастап - 50,5 жасқа, 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап - 51 жасқа, 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап - 51,5 жасқа, 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап - 52 жасқа, 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап - 52,5 жасқа, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап - 53 жасқа, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап - 53,5 жасқа, 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап - 54 жасқа, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап - 54,5 жасқа, 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап - 55 жасқа толғанда);

3) егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтардағы мүгедектердің;

4) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен, Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған, кету фактісін растайтын құжаттарды ұсынған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың құқығы бар.

Осылайша, БЖЗҚ қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жоғарыдағы жағдайларда ғана зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға құқылы.

9. Сұрақ. Қандай жағдайларда зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аударуға болады?

Жауап: «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) ережелеріне сәйкес міндетті зейнетақы жарналары (бұдан әрі - МЗЖ) есебінен жинақталған зейнетақы жинақтарының жеткіліктігі талабымен БЖЗҚ-дан сақтандыру ұйымына аударуға құқығы бар тұлғалар:

1) зейнет жасына толған адамдар: ерлер 63 жасқа толғанда, әйелдер 58 жасқа толғанда (әйелдер 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап – 58,5 жасқа толғанда, 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап - 59 жасқа толғанда, 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап - 59,5 жасқа толғанда, 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап - 60 жасқа толғанда, 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап - 60,5 жасқа толғанда, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап - 61 жасқа толғанда, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап - 61,5 жасқа толғанда, 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап - 62 жасқа толғанда, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап - 62,5 жасқа толғанда, 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап 63 жасқа толғанда) (Заңның 31-бабының 1-тармағының 1) тармақшасы);

2) ерлер 55 жасқа толғанда және әйелдер 50 жасқа толғанда (2018 жылғы 1 қаңтардан бастап - 50,5 жасқа, 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап - 51 жасқа, 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап - 51,5 жасқа, 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап - 52 жасқа, 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап - 52,5 жасқа, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап - 53 жасқа, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап - 53,5 жасқа, 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап - 54 жасқа, 2026 жылғы 1

қаңтардан бастап - 54,5 жасқа, 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап - 55 жасқа толғанда) (Заңның 31-бабының 1-тармағының 2) тармақшасы);

3) егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтардағы мүгедектер (Заңның 31-бабының 1-тармағының 3) тармақшасы).

Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (бұдан әрі - МКЗЖ) есебінен жинақталған зейнетақы жинақтарының жеткіліктігі талабымен БЖЗҚ-дан сақтандыру ұйымына аударуға құқығы бар тұлғалар:

1) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары жиынтығында кемінде күнтізбелік алпыс ай төленген 50 жасқа толған (заңның 22-бабының 1-тармағының 1)-тармақшасы) (бұл салымшылар (алушылар) санатының сақтандыру ұйымына зейнетақы жинақтарын аударуға құқығы 2019 жылдан кейін туындайды) адамдар;

2) зейнет жасына толған адамдар: ерлер 63 жасқа толғанда, әйелдер 58 жасқа толғанда (әйелдер 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап – 58,5 жасқа толғанда, 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап - 59 жасқа толғанда, 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап - 59,5 жасқа толғанда, 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап - 60 жасқа толғанда, 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап - 60,5 жасқа толғанда, 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап - 61 жасқа толғанда, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап - 61,5 жасқа толғанда, 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап - 62 жасқа толғанда, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап - 62,5 жасқа толғанда, 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап 63 жасқа толғанда) (Заңның 32-бабының 1-тармағының 2) тармақшасы);

3) егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтардағы мүгедектер (Заңның 32-бабының 1-тармағының 3) тармақшасы).

Міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары жеткіліксіз болған жағдайда, зейнетақы аннуитеті шартын жасасу үшін БЖЗҚ-да болса ерікті зейнетақы жарналары есебінен (бұдан әрі - ЕЗЖ) қалыптастырылған зейнетақы жинақтары пайдаланылуы мүмкін.

Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары жеткіліксіз болған жағдайда, зейнетақы аннуитеті шартын жасасу үшін осы Заңның [32-бабы 1-тармағының 1\) тармақшасында](#) аталған адамдардың міндетті зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын пайдалануға құқығы бар.

Егер Міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарын Зейнетақы қорынан сақтандыру ұйымына аударуға құқығы бар адамдардың зейнетақы жинақтарының сомасы сақтандыру ұйымымен жасалған зейнетақы аннуитеті шартының сомасынан асатын болса, осы айырма салымшыға (алушыға) Заңда белгіленген тәртіппен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан ай сайынғы зейнетақы төлемдері түрінде төленеді не салымшы

(алушы) оны сақтандыру ұйымымен басқа зейнетақы аннуитеті шартын жасасу үшін пайдаланады.

Зейнетақы аннуитеті шарты сақтанушы (алушы) және сақтандыру ұйымы арасында Заң талаптарымен айқындалған мерзімге жасалады.

Зейнетақы аннуитеті шартын жасайтын тұлға сақтандыру ұйымын таңдауға ерікті.

Зейнетақы аннуитеті шарты алушының жазбаша өтініші негізінде жасалады.

Зейнетақы аннуитеті шарты БЖЗҚ сақтандыру ұйымына соманы аударған сәттен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Шартты басқа сақтандыру ұйымымен зейнетақы аннуитеті шарты жасалған жағдайда сақтанушының бастамасымен ғана, бірақ оны жасаған күннен бастап екі жылдан бұрын емес мерзімде бұзуға болады.

Шартты бұзу кезінде:

1) сатып алу сомасы төленген сақтандыру сыйлықақысының жүзеге асырылған сақтандыру төлемдері сомасы мен Сақтандырушының іс жүргізуге жұмсалған шығыстары шегерілген сомасынан кем болмауға тиіс;

2) жаңадан жасалған зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру ұйымынан айлық сақтандыру төлемінің мөлшері зейнетақы аннуитеті шартын жасау күні қолданыстағы зейнетақының ең төменгі мөлшерінен кем болмауға тиіс.

10. Сұрақ: Сәлеметсіз бе! Зейнеткер әкем қайтыс болған, жерлеуге ақшаны қай жерден және қалай алуға болатынын айтып жіберіңізші?

Жауап: БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары жоқ және уәкілетті ұйымнан зейнетақы төлемін алушы болып табылатын зейнет жасына жеткен тұлға қайтыс болған жағдайда, жерлеуге жәрдемақы алу үшін «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) филиалы – «Әлеуметтік төлемдердің ведомствоаралық есеп айырысу орталығы» дирекциясына өтініш беріледі. Нақты ақпарат алу үшін Сіз тұрғылықты мекенжай бойынша Мемлекеттік корпорацияға жүгіне аласыз, сондай-ақ 1411 қысқа нөміріне (Қазақстан бойынша қоңырау тегін) қоңырау шала аласыз.

Егер қайтыс болған адамның БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары болса, онда «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 50-бабының 5-тармағының ережелеріне сай оның отбасына не жерлеуді жүзеге асырған адамға БЖЗҚ жеке зейнетақы шотындағы қаражаттан аспайтын, республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есеп көрсеткіштің 52,4 еселенген мөлшері шегінде (2017 жылы: $2269 * 52,4 = 118\,895,60$ теңге) жерлеуге біржолғы төлемді жасайды.

Зейнетақы жинақтары бар қайтыс болған адамның отбасы мүшесі немесе жерлеуді жүзеге асырған адам жерлеуге біржолғы төлемді алу үшін БЖЗҚ-ға келесідей құжаттарды:

1) БЖЗҚ-ның ішкі құжаттарымен бекітілген нысан бойынша зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтінішті;

2) қайтыс болған алушының отбасы мүшелерінің немесе жерлеуді жүзеге асырған тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі және салыстырып тексеру үшін түпнұсқасын;

3) зейнетақы жинақтары бар адамның қайтыс болу туралы куәлігінің көшірмесі және салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы;

4) зейнетақы жинақтары бар қайтыс болған адамның отбасы мүшесінің немесе жерлеуді жүзеге асырған адамның банк шоты туралы мәліметті береді.

Толығырақ ақпаратты Сіз Интернеттегі www.enpf.kz мекенжайы бойынша корпоративтік веб-сайтымыздан ала аласыз.

Хабарландыру тәсілдеріне қатысты сұраныстарға жауаптар

1. Сұрақ. Сәлеметсіз бе! Үйден шықпай, яғни кеңселеріңізге келмей үзінді көшірмені онлайн түрде алу үшін тіркеу жасау мүмкін бе? Бұл осы қосымшаның көмегімен үзінді көшірмені ары қарай қарау үшін қажет. Алдын ала рақмет!

Жауап: Сайтқа тіркелу үшін Сізге «БЖЗҚ» АҚ-ға (бұдан әрі – Қор, БЖЗҚ) жеке өтініш білдірген кезде Интернет байланысы арқылы жеке зейнетақы шотынан (бұдан әрі - ЖЗШ) үзінді көшірме алу үшін хабарландыру тәсілін өзгерту (анықтау) туралы келісімге қол қою керек.

Қордың салымшының (алушының) зейнетақы жинақтарының құпиясын сақтау бойынша міндеттемелерін орындау бөлігіндегі тәуекелдерін азайту мақсатында электрондық (e-mail) мекенжайға, ұялы телефонға, сондай-ақ хабарлау тәсіліне өзгерістер/толықтырулар Қор кеңсесіне салымшы (алушы)/сенім білдірілген тұлға/заңды өкіл келген кезде енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі №984 «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы қағидасын бекіту туралы» қаулысымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы қағидасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарының салымшысы, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылатын жеке тұлға немесе зейнетақы төлемдерін алушы таңдаған төмендегі тәсілдердің бірімен хабарландырады:

- электрондық түрде – электрондық мекенжайға хабарлама жіберу(e-mail);
- тікелей БЖЗҚ-ға өзі өтініш беру;
- электрондық пошта арқылы алу;

- пайдаланушыға берілген логин мен парольді немесе электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдаланып интернет арқылы жеке өзі өтініш білдіру;

- пошта байланысы қызметі арқылы алу.

Төменде көрсетілген хабарландыру тәсілдерінің бірін таңдаған кезде келесілерге назар аударыңыз:

- электрондық пошта арқылы Қор ЖЗШ-дан үзінді көшірмені Сіз таңдаған жыл сайын, жарты жылда бір рет, тоқсан сайын, ай сайын кезеңділігіне сай Қордың деректер базасында тіркелген электрондық мекенжайға жібереді.

- Интернет байланысы арқылы ЖЗШ-дан үзінді көшірмені алу үшін Өз қажетіңізге орай логин орнына Өзіңіздің ЖСН көрсете отырып ала аласыз;

- ЖЗШ-дан үзінді көшірме алу үшін Сіз Android, iOS (iPhone, iPad) және Windows Phone операциялық жүйелерінде жұмыс істейтін смартфондар мен планшеттерге арналған ENPF ұялы қосымшасын да пайдалана аласыз.

Қосымша тегін тарату (пайдаланушылардың жүктеп алу) мүмкіндігімен Google Play (Android), AppStore (iOS) және Windows Phone Marketplace (Windows Phone) қосымшаларының ресми дүкендерінде жарияланды. Қосымша қазақ және орыс тілдеріндегі толыққанды екі нұсқада жұмыс істейді.

- ҚР электрондық үкіметінің порталы арқылы (www.egov.kz): порталда тіркелген және «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамның филиалы – Мемлекеттік қызметтерді көрсету дирекциясынан алатын электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) болған кезде Сіз ЖЗШ-дан үзінді көшірмені электрондық үкімет сайтындағы «Әлеуметтік қамсыздандыру» - «БЖЗҚ-дағы зейнетақы шотынан үзінді көшірме» бөлімінен ала аласыз.

Егер Сіз хабарландыру тәсілін таңдағыңыз/өзгерткіңіз келсе, онда Сіз жеке басты куәландыратын құжатпен бірге БЖЗҚ-ның кез келген бөлімшесіне өтініш бере аласыз.

Біздің дербес қызмет көрсету орталықтарының орналасқан орны туралы ақпаратпен Интернеттегі www.enpf.kz веб сайтының «Байланыстар» бөлімінен таныса аласыз.

2. Сұрақ: Сайт арқылы Интернет- үзінді көшірмені алу үшін Қордың базасындағы менің электрондық мекенжайымды және ұялы телефон нөмірімді кеңселеріңізге келмей-ақ өзгертуге бола ма?

Жауап: «БЖЗҚ» АҚ (бұдан әрі – Қор, БЖЗҚ) салымшысының (алушысының) зейнетақы жинақтарының құпиясын сақтау бойынша міндеттемелерін орындау бөлігіндегі тәуекелдерін азайту мақсатында электрондық (e-mail) мекенжайға, ұялы телефонға, сондай-ақ хабарлау тәсіліне өзгерістер/толықтырулар Қор кеңсесіне салымшы (алушы)/сенім білдірілген тұлға/заңды өкіл келген кезде енгізіледі.

Деректер базасында электрондық мекенжай мен ұялы телефон нөмірін өзгерту үшін Сіз жеке басты куәландыратын құжатпен бірге www.enpf.kz мекенжайы бойынша БЖЗҚ-ның корпоративтік сайтында көрсетілген Қордың кез келген бөлімшесіне өтініш білдіре аласыз.

3. Сұрақ: Сәлеметсіз бе! Мен интернет-үзінді көшірмеге тіркелгенмін, енді ЖСН мен паролді енгізсем де кіре алмаймын, сайт немесе қоңырау шалу арқылы паролдің дұрыстығын нақтылай аламын ба?

Жауап: Интернеттегі веб сайттан www.enpf.kz, «Интернет –үзінді көшірме» бөлімінен ЖЗШ жай-күйі туралы ақпаратты алу үшін Сізге ЖСН мен паролді енгізу қажет.

Егер Сіз паролді ұмытқан болсаңыз не болмаса пароль қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмесе, онда Сіз қайта тіркелуіңіз қажет. Ол үшін www.enpf.kz сілтемесін пайдалана отырып, «Интернет-үзінді көшірме» бөлімі, «Қайта тіркелу» қосымшасындағы барлық жолдарды толтыру қажет, Қордың деректер базасында тіркелген **электрондық мекенжайды немесе ұялы телефон нөмірін** көрсету қажет және «Жіберу» бас қажет.

Енгізілетін деректемелердің ЖЗШ ашу туралы өтініште немесе хабарландыру тәсілін өзгерту (анықтау) туралы келісімде көрсетілген деректемелерге толығымен сәйкес келу керектігін есте сақтаған жөн.

Көрсетілген электрондық мекенжайға немесе ұялы телефон нөміріне біржолғы пароль келгеннен кейін «Біржолғы паролді енгізу» қосымшасын пайдалану қажет. Интернет-үзінді көшірмеге рұқсат алу үшін **e-mail** немесе **SMS** арқылы алған біржолғы паролді енгізіңіз және жаңа пароліңізді тіркеңіз.

«БЖЗҚ» АҚ салымшысының (алушысының) деректемелеріне өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуге қатысты жауаптар

4. Сұрақ: Сәлеметсіз бе! Үзінді көшірме басқа мекенжайға келу үшін тұрғылықты мекенжайды ауыстыруға бола ма? Алдын ала рақмет!

Жауап: ЭЦҚ пайдалана отырып БЖЗҚ веб-сайты арқылы өтініш білдіруді қоспағанда салымшының (алушының) қосымша деректемелеріне өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу ерікті нысандағы (пошта байланысы немесе электрондық пошта арқылы өтініш білдірген кезде) өтініш немесе Салымшының (алушының) қосымша деректемелерін өзгерту/толықтыру туралы өтініштің/Хабарландыру тәсілін өзгерту (анықтау) туралы келісімнің/зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініштің/зейнетақы жинақтарын аудару туралы өтініштің негізінде келесідей тәсілдермен:

1) салымшы (алушы) өз жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасын бере отырып Қордың дербес қызмет көрсету орталығына жеке өзі өтініш білдірген кезде;

2) сенім білдірілген адам жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасын, нотариат куәландырған сенімхаттың түпнұсқасын не оның нотариат куәландырған көшірмесін, салымшының (алушының) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін бере отырып өзі өтініш білдірген кезде;

3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін қоса бере отырып салымшының (алушының) электрондық мекенжайы арқылы өтініш білдірген кезде;

4) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін қоса бере отырып салымшының (алушының) пошта байланысы арқылы өтініш білдірген кезде жүзеге асырылады.

5. Сұрақ. Қор базасында кәмелетке толмаған адамның мекенжайын қалай өзгертуге болады?

Жауап: Кәмелетке толмаған тұлға өтініш білдірген кезде:

- кәмелетке толмаған тұлғаның туу туралы куәлігінің (18 жасқа дейін);

- кәмелетке толмаған тұлғаның (16 жастан 18 жасқа дейін) және заңды өкілдің жеке басын куәландыратын құжаттардың;

- ата-анасы жоқ болса қамқоршының тағайындалуын растау құжатының (қамқоршыны тағайындау туралы анықтама/баланы патронатқа тәрбиелеуге беру туралы шарт) түпнұсқаларын береді.

Кәмелетке толмаған тұлғаның (14 жасқа дейінгі жаста) атынан әрекет ететін заңды өкіл өз қолын қоя отырып салымшының (алушының) қосымша деректемелерін өзгерту/толықтыру туралы өтінішті береді.

14 жастан 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған тұлға салымшының (алушының) қосымша деректемелерін өзгерту/толықтыру туралы өтінішті/хабарландыру тәсілін өзгерту (анықтау) туралы келісімді өзі береді және заңды өкілдің жазбаша келісімімен өз қолын қояды.

Кәмелетке толмаған тұлғаның туу туралы куәлігінде ЖСН деректемесі (2007 жылдың тамыз айына дейін туғандар) жоқ болған жағдайда жеке тұлға туу туралы куәлікке толықтыру ретінде ЖСН тіркеу туралы куәліктің түпнұсқасын не Қазақстан Республикасы азаматының паспортын қосымша ретінде береді.

Зейнетақы шартын жасауға және оның телнұсқасын алуға қатысты сұраныстарға жауаптар

6. Сұрақ: Қайырлы күн! Мен Ресей Федерациясының азаматымын, алайда тұрақты түрде Қазақстан Республикасында тұрамын. Менде ТТК жоқ, мен БЖЗҚ-мен шарт жасай аламын ба және міндетті зейнетақы жарналарын енгізе аламын ба?

Жауап: «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңның 2-бабының 2-тармағына сай Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, егер заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының азаматтарымен бірдей зейнетақымен қамсыздандырылу құқығын пайдаланады.

Шетелдіктің не азаматтығы жоқ тұлғаның Қазақстан Республикасында тұрақты тұру дерегі Қазақстан Республикасында шетелдіктің тұруға ықтиярхатымен, не азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігімен расталады.

Қазақстан Республикасында басқа заңды негізде тұрып жатқан шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар Қазақстан Республикасында уақытша келгендер болып саналады және міндетті зейнетақы жарналарын төлеу бойынша міндеттеге тартылмайды.

7. Сұрақ: Сәлеметсіздер ме! Мен зейнетақы қорымен жасалған шартымды жоғалтып алдым, жаңа шартты қай жерден және қалай алуыма болады?

Жауап: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі № 984 «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы қағидасын бекіту туралы» қаулысымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы қағидасына сәйкес міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар қосылу шарттары болып табылады, оның талаптарын БЖЗҚ бекітеді және «БЖЗҚ» АҚ (бұдан әрі - БЖЗҚ) Интернет қорына орналастырылады. Міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңымен көзделген құқықтарды, міндеттерді және жауапкершілікті, сонымен қатар БЖЗҚ, міндетті зейнетақы жарналарының салымшысы, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылатын жеке тұлға (міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерін алушы), агент арасындағы құқықтық қатынастардың өзге де ерекшеліктерін белгілейді.

Міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарды (қосылу шарттары) жасау:

Салымшының – міндетті зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша жеке зейнетақы шотын ашу туралы өтінішке;

Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылатын жеке тұлғаның және агенттің – міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша жеке зейнетақы шотын ашу туралы өтінішке қол қоюы арқылы

БЖЗҚ-ның Интернет қорында орналастырылатын БЖЗҚ-ның ішкі құжаттарымен бекітілетін нысандар бойынша жүзеге асырылады.

Егер Сіз жеке зейнетақы шотын ашу туралы өтініштің көшірмесін (телнұсқасын) алғыңыз келсе, онда Сізге БЖЗҚ-ның кез келген бөлімшесіне жеке басты куәландыратын құжаттың түпнұсқасымен бірге келі қажет. Сондай-ақ жеке зейнетақы шотын ашу туралы өтініштің көшірмесін (телнұсқасын) сенім білдірілген тұлға арқылы алуға болады. Ол үшін жеке тұлғаның сенім білдірілген адамы Қор бөлімшесіне жүгінген кезде:

- сенім білдірілген адамның жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасын;

- нотариат куәландырған сенімхаттың түпнұсқасын не оның нотариалды куәландырылған көшірмесін;

- жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың нотариат куәландырған көшірмесін береді.

Біздің дербес қызмет көрсету орталықтарымыздың орналасқан орны жайында ақпаратпен Интернеттегі www.enpf.kz веб-сайтымыздың «Байланыстар» бөлімінен таныса аласыздар.